

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік
«М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысында көрсетілген
бұзушылықтардың түзетілуі жөніндегі қорытынды анықтамасы**

10 желтоқсан, 2024ж

№	Анықталған кемшіліктер мен ескертулер	Кемшіліктердің түзетілуі мен орындалуы туралы мәлімет
1	2023-2024 оқу жылының МАД тобында 0 «А», 0 «Ә», 0 «В», 0 «Г» сыныптарында перспективалық және апталық жоспарлары (циклограмма) құрылмаған	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-тармақшасына сәйкес қалған 0 «А», 0 «Ә», 0 «В», 0 «Г» сыныптарының перспективалық және апталық жоспарлары сканерленіп, қайта ұсынуға мектептің сайтына «Мемлекеттік қайта аттестаттау құжаттары» айдарына орналастырылды.
2	2023-2024 оқу жылында барлық сыныптарда тәрбиеленушілердің саны артық қабылданған, атап айтсақ, 0 «А»-27, 0 «Ә»-27, 0 «В»-28, 0 «Г»-26	2024-2025 оқу жылы бойынша қазіргі таңда (01.12.2024ж) МАД сыныптарында тәрбиеленушілердің саны төмендегідей: 0 «А»-24, 0 «Ә»-24, 0 «В»-25, 0 «Г»-26 Барлығы – 98 тәрбиеленуші. Оқушылардың қозғалысы бойынша метеп контингентінен шығарылғандығы туралы бұйрық көшірмесі, МАД сыныптарындағы тәрбиеленушілердің тізімі мектеп директорының куәландыруымен «Мемлекеттік қайта аттестаттау құжаттары» айдарына орналастырылды.
3	2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша «Жолда жүру ережелері», «Өмір қауіпсіздігі» курстары туралы дәлелді ақпараттары ұсынылмаған	2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша «Өмір қауіпсіздігі» курсы бойынша дәлелді ақпарат салынды, «Жолда жүру ережелері» курсы бойынша аталған екі жылдың бастауыш сыныптарында салынбағандығы туралы акт жасалып, жауапты мұғалімдерге ескерту берілді. 5-8 сыныптарға арналған ҚББ бөліміндегі арнайы бет «Күнделік» порталынан жауапты маманның жүктемеуіне байланысты салынбай отыр. Алайда, осы кемшіліктер 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында қайталанған жоқ. Барлығы талапқа сай кіріктірілді.
4	2023-2024 оқу жылының «Білімкласс» электронды журналында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» атауы «Алғашқы әскери дайындық» деп қате жазылған.	2024-2025 оқу жылында «bilimclass» электронды журналында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» атауы толығымен барлық класқа дұрыс енгізілді. Биылғы оқу жылының сабақ кестесінде бұл кемшілік қайталанған жоқ. «bilimclass» электронды журналына жауапты маманға өзіне жеке ескертілді. Дәлелді құжаттарына скрин жасалып, мектептің сайтына «Мемлекеттік қайта аттестаттау құжаттары» айдарына орналастырылды.
5	2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс	2024-2025 оқу жылында оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонент есебінен 9- сыныпқа берілген

